

Мусипова Д.М.,
Куанышпекова И.С., Ыбрай А.С.

**Азаматтық құқықтағы
мұрагерлік институтының
құқықтық жағдайы**

Musipova D.M.,
Kuanyshpekova I.S., Ibrai A.S.

**The legal status of the Institute of
inheritance in civil law**

Мусипова Д.М.,
Куанышпекова И.С., Ыбрай А.С.

**Правовое положение института
наследования в гражданском
праве**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы азаматтық құқығының маңызды институттарының бірі ретінде мұрагерлік құқықтың даму мен қалыптасу, пайда болу тарихының мәселелері қарастырылады. Авторлармен қазіргі кездегі және қалыптасу дәуіріндегі мұрагерлік құқықтың рөлі белгіленген. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығынан бастау алатын кезден бүгінгі күнге дейінгі мұрагерліктің қалыптасу мәселелері қарастырылды.

Түйін сөздер: мұрагерлік, мұрагерлік құқық, мұрагер, мұрагерлік мерзімі, мұра.

The article considers issues of history of the origin, development and establishment of inheritance law as one of the most important institutes of civil law of the Republic of Kazakhstan. The authors show the role of the law of succession, as in the epoch of occurrence and currently. Considers the issues of formation of inheritance, originating in the common law of the Kazakhs up to the present time.

Key words: inheritance, inheritance law, heir, terms of inheritance, inheritance.

В статье рассматриваются вопросы истории возникновения, развития и становления наследственного права как одного из важнейших институтов гражданского права Республики Казахстан. Авторами обозначена роль наследственного права как в эпоху возникновения, так и в настоящее время. Рассмотрены вопросы становления наследования, берущего начало с обычного права казахов до настоящего времени.

Ключевые слова: наследование, наследственное право, наследник, сроки наследования, наследство.

**АЗАМАТТЫҚ
ҚҰҚЫҚТАҒЫ
МҰРАГЕРЛІК
ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

Бүгінгі таңда мұрагерлік институты қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси өмірінде үлкен рөл атқарады. Мұрагерлік туралы істер бойынша дауларды шешкен кезде соттар мұра ашылған күнде қолданыста болған заңнаманы басшылыққа алады. Сондықтан, заңнамаларды зерттеп отыру және оның тәжірибеде қолданылуына түйін жасап отыру қажет.

Мұрагерлік – көне, өте ертеден-ақ қоғаммен біте қайнасып келе жатқан институттардың бірі. Мұрагерлік мәселесі азаматтық құқықтағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қай дәуірді алсақ та, бәрінде де адамзат баласы дүниеге келіп, өсіп-өркендеуін қамтамасыз етуде мұра мен мұрагерліктің алатын орны ерекше. Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеленетін, әрі ежелден келе жатқан дәстүр-салттарының ішіндегі ең құндыларының бірі – мұрагерлік. Мұрагерлік институты, тақты мұрагерлік жолмен қалдыру, енші беру, жасау беру, әменгерлік, жетімдері мен жесірлерін жатқа жібермеу сияқты ұғымдармен толығып, сомдалып, ширатыла түскен. Әр дәуірдің өркендеп дамуына, дініне, мәдениетіне орай өзгеріп отырған. Қазақ халқының басынан өткен мұра мен мұрагерлік қағидаларының мәні әлі күнге терең, одан көптеген үлгі-өнеге алуға лайықты.

Мұрагерлік құқыққа деген бастамалар осыдан екі жарым мың жыл бұрын қалыптасып, қазіргі кезге дейін өзінің мәнін жойған жоқ. Алғашқы қауымдық және рулық дәуірде мұрагерлік деген түсінік қалыптаспаған еді. Өйткені, рулық қауым тұсында еңбек құралдары, аң терілері, үй ішінде қажетті жабдықтар түгелдей ру мүшелеріне тиесілі болып, рудан руға өтті. Бірақ кейін жеке меншіктің пайда болуына байланысты тіршілікке қажетті еңбек құралдарымен құралған байлық әкеден балаға өтіп отырды. Осылайша әкеден балаға қалдыру – мирас түсінігі пайда болып, ол ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлермен реттеліп отырды. Бұл қатынастарды орындау қазіргідей мемлекеттік мәжбүрлеу шарасымен емес, қоғамдық пікір, ру, тайпа беделі сияқты шаралармен жүзеге асырылды [1].

Негізі, мұрагерлік деп қайтыс болған жеке тұлғаның құқықтары мен міндеттерінің басқа тұлғаларға өтуін айтады. Мұрагерлік әмбебап тәртібінде құқықтың ауысуымен өтетін,

яғни мұрагер мұраны қабылдай отырып, мұраға қатысты барлық құқықтар мен міндеттерге ие болып отырған [2].

Мұрагерлік процесінен екі кезеңді байқауға болады: мұраның ашылуы (мұра қалдырушының қайтыс болуы) және мұраны қабылдау. Мұрагердің мүлікке деген меншік құқығы мұраны қабылдаған соң жүзеге асқан.

Ал, қазақ әдет-ғұрып жүйесі бойынша әке мұрасы мен мұрагерлік жайлы Қасым ханның Қасқа жолынан, Есім ханның Ескі жолынан, одан кейінгі Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» көруге болады. Негізгі қазақ мұрагерлік құқығында да өсиетті жазба түрінде қалдыру дәстүрі болған, дегенмен ол жазбалар біздің заманымызға дейін жетпегендіктен, біз көбіне ауызша өсиет қалдыру мұрагерлігі жайлы деректерді көп білеміз. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары бойынша әке мұрасына иелік ететіндер марқұмның балалары, әйелдері, аға-інілері, жақын туыстары, қала берді аталас ағайындары болатын. Өйткені, мұра қалдырушының өзінен туған балалары, бірге туған іні-ағалары болмаса, онда ол аталас немере ағайындарына көшіп отырған. Өзінен кейін бірге туған ағайындары бола тұрып, қайтыс болатын адам өзінің мұрасын басқа атаның балаларына не достарына қалдырып кете алмаған [3].

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының тарихында ерте заманнан бері мұрагерліктің әскери, әкімшілік, рулық, мүліктік және рухани мұрагерлігі қалыптасқан болатын. Көшпелі қоғамда ел қорғаны болған ерлер елдің, жердің билеушісі болған, таққа отырған. Оның билігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тақ мұраға айналған. Мұрагерлік үрдіс, мұрагерлік заң – мұрагерлік институттың дәстүр жалғаудағы үйлестіруші тетігі, ал мұрагерлік институт – мұрагерлік заңның жалғасу нысаны және нәтижесі.

Осылайша, кеңес жылдарына дейін мұрагерліктен туындайтын қатынастар дәстүр ерекшеліктерін сақтап отырды. Ал кеңестік жылдардағы мұрагерлік құқық өз заманының бағыт-бағдарына тәуелді болып, даму мүмкіндігі тежелген салдардың бірі болды. Мұраның негізінің өзі жекеменшіктен бастау алатыны бесенеден белгілі. Сөйтіп, жекеменшікті жою мақсатында бірнеше заң қабылданды.

Сонымен, теріс саясат қойған тосқауылға қарамастан, өзінің бірқалыпты дамуын сақтап қалған мұрагерлік институты тек 1945 жылдан бастап кеңірек тыныстауға мүмкіндік алды. Осы жылдың 14 наурызында қабылданған КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Заңды

мұрагерлік және өсиетпен мұрагер болушылар туралы» жарлығында мұраны бөлу ерекшелігі егжей-тегжейлі түсіндірілді. Бұл жарлық бойынша заңды мұрагерлер кезегі айқындалып, өсиеттеудің белгілері көрсетілді. Сондай-ақ аталмыш құжат кәмілет жасқа толмаған балаларды мұра алатын адамның тізіміне қоса отырып олардың санын едәуір көбейтті. Сонымен қатар, мұраны алу тәртібі де белгіленді. Осылайша, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлердің құқығы едәуір кеңейтілді. Мұндағы демократиялық қағидалар кейінірек Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне өз көрінісін тапты [4].

Осындай небір соқтықпалы жолдардан өткен мұрагерлік тәуелсіз Қазақстан заңдарында өзіне лайықты орын алды деп есептеуге болады. Еліміздің құқықтық жүйесінде мұрагерлік құқық азаматтық құқықтың үлкен бір бөлімі ретінде бекітілген.

Қазір мұрагерлік құқық 2002 жылғы 1 қаңтарда айналысқа енген Азаматтық кодекстің үлкен бір бөлімі ретінде бекітілді. Қазақстан Республикасы өз егемендігі мен тәуелсіздігін алғаннан кейінгі қабылданған заңдарға сүйенсек, Қазақстан Республикасының әрбір азаматы мұраға ие болу құқығында ұлты, нәсілі, жынысы, тілі, шыққан тегіне қарамастан тең құқықты екендігін көреміз. Қазақстан Республикасындағы мұрагерлік мәселесі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне толығынан, жан-жақты қарастырылып жасалған, яғни мұраның негізі ретінде өсиет немесе заң бойынша мұрагерлікті ала отырып, мұраның құрамы, оның ашылуы, мұрадан шеттетін жағдайлар толық көрсетілген.

ҚР-дың Конституциясының 2-тарауында былай деп атап көрсетілген: «Республика азаматтары өздерінің ұлтына, ұстайтын дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан бірдей құқықтар иеленіп, бірдей міндеткерлікте болады» [5].

Мұрагерлік дегеніміз – қайтыс болған адамның (мұра қалдырушының) мүлігінің мұраға ие болатын азаматтардың (мұрагерлердің) иелігіне өтуі. Мұрагерлік – азаматтық құқық қабілеттігінің бір көрінісі. Заңда көрсетілген реттер мен тәртіптерден басқа жағдайда, ешкімнің де құқық қабілеттігіне немесе әрекет қабілеттігіне шек қоюға болмайды. Қайтыс болған азаматтың мұрасы басқа адамдарға әм-

бебап құқық мирасқорлығы талаптарымен, егер заңнамадан өзгеше туындамаса, бірыңғай тұтас нәрсе ретінде және бір-ақ мезгілде ауысады.

Азаматтардың меншігін мұралау Азаматтық кодекспен, ал тікелей өзі белгілеген жағдайларда өзге де заң актілерімен реттеледі.

Қайтыс болған азаматтың азаматтық құқықтары мен міндеттерінің мұрагер бола алатын азаматтарға өтуі мынадай белгілермен анықталады:

- мұраға ие болу негіздері мұрагерлік құқығының ережелерінде қарастырылған күрделі негізгі құбылыс;

- мұра арқылы берілетін құқықтар мен міндеттер мұра деп аталатын негізді құрайды;

- құқықтар мен міндеттерді қабылдап алушы мұрагерлер мұраға заң бойынша ие болуға болады [6].

Мұрагерлік – мұра қалдырушының мүлік құқығы мен міндеттерінің заң бойынша басқа адамдарға (мұрагерге) өтуін реттейді. Мұнда айта кететін жағдай мүлік немесе заттар жиынтығы емес, керісінше мүлік құқығы мен міндеттердің жиынтығы. Сондықтан біз мұраның құрамына үй жөніндегі меншік құқығы, автомобиль емес, автомобиль жөніндегі меншік құқы, сый емес, сыйға деген құқық т.с.с. кіретіндігін айтамыз.

Сондықтан да, қайтыс болған адамның (мұра қалдырушының) мүлігінің мұраға ие болатын азаматтардың (мұрагерлердің) иелігіне өтуін мұрагерлік деп аталады.

Мұрагерлік ұғымын объективті түрде қарастыратын болсақ, онда ол азаматтық құқық қабілеттігінің бір көрінісі болып табылады.

Мұрагерлік бойынша қайтыс болған адамның жеке басымен байланысты құқықтары немесе өзіндік меншік құқығы заң бойынша заңды мұрагерлеріне өтеді. Мысалы: жалақы, авторлық төлемақы, жинақ банкісіндегі қаражаты және тұрғын үй кооперативтеріндегі пайлар.

Сондай-ақ, бұл жерде айта кететін нәрсе – мұралық құқық бойынша мұрагерлерге мұра қалдырушының борыштары ауысады. Мұраны қабылдап алған мұрагер мұра қабылдаушының борыштарына өзіне ауысқан мұралық мүліктің нақты құны шектерінде жауап береді.

Сонымен, мұрагерлік институты қоғам дамуымен қатар дамып келеді.

Мұрагерлік туралы істер бойынша дауларды шешкен кезде соттар мұра ашылған күнде қолданыста болған заңнаманы басшылыққа алады. Сондықтан, әрдайым заңнамаларды зерттеп отыру керек.

Мұра заң бойынша мұрагерге бір-ақ мезгілде ауысады, яғни қайтыс болған азаматтың мұрасы заң жүзінде заң тәртібімен немесе қайтыс болған адамның өсиет жазып, өз мұрасының, яғни мүлкінің мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуын айтамыз.

Жалпы айтқанда, мұра алу тәртібі біздің мемлекетімізде заңмен және нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі де, құқықтық нормаларды құрайды.

Азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуы, өзгеруі және тоқтатылуы уақытпен белгіленген мерзімдерге байланысты болады. Азаматтық құқық субъектілерінің құқықтық қатынастарының басталу және аяқталу уақытының белгілі болуы міндеттемелердің орындалуын, талап қою мерзімінің өтуін анықтайды [7]. Бірақ мерзімдердің маңыздылығын азаматтық құқықтың мұрагерлік құқықтық қатынастарынан аса көреміз.

Жеке тұлғаның қайтыс болуының құқықтық салдары ретінде мұрагерлік құқықтық қатынастар пайда болады.

Бұл жерде, мерзімдердің құқық орнатушылық маңыздылығын көрсетуге болады, өйткені оларға мұраны алу (қабылдау) сияқты мұрагерлік құқық институтының пайда болуы тәуелді болады.

Мұрагерлік мүлікті, мұрагердің құқықтары мен міндеттерін сәйкесінше қабылдау үшін ең алдымен қойылған екі талаптың орындалуы қажет:

- 1) нақты мұрагер болуы керек, яғни өсиетте көрсетілген тұлға болуы немесе қайтыс болған адаммен белгілі бір туыстық қатынаста болуы керек.

- 2) мұраның ашылу уақытында заңнамамен белгіленген мерзімдерде мұрагердің мұраны қабылдау туралы куәландыратын шараларды жүзеге асыруы керек.

Нәтижесінде, мерзімдер өзіне ерекше назарды талап ететін, мұрагерлік құқықтық қатынастар бірліктерінің бірі болып табылады [8]. Бірақ, мұраны алу (қабылдау) сияқты мұрагерлік құқықтың институтын талқылауға кіріспестен бұрын, ең алдымен қазіргі кезде мұрагерлік мерзімдерді белгілейтін, бұл институттың қағидалары мен идеяларын құрайтын бастауларға тоқталайық.

Мұрагер мұрагерлік мүлікті басқаруға және билік етуге кіріскеннен бастап немесе мұраның ашылу уақытынан алты айлық мерзім ішінде мұрагерлікті ашу орны бойынша мемлекеттік нотариалды канторасына мұраны алу

туралы өтінішті берген уақыттан бастап мұраны қабылдады деп есептелегін.

Нәтижесінде, белгіленген уақыт аралығы – бұл мұрагерде мұраға деген мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттердің болуы болып табылса да, сонымен қатар алғашқы мұрагерлік мәселелерді сотқа дейінгі реттеу мүмкіндігі болып табылады.

Сонымен:

– біріншіден, егер мұрагерлік 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін ашылса, онда мұрагерлер мұра қалдырушының қайтыс болғанынан кейін алты айлық мерзімде мұрагерлікті ашу орны бойынша нотариусқа өтініш жазу арқылы мұра алуына болады. Бұл талап, заң бойынша мұрагерлерге де, өсиет бойынша мұрагерлерге де қатысты.

– екіншіден, егер мұраны алу туралы өтініш белгілі бір себептерге байланысты белгіленген мерзімде берілмесе, онда мұрагерлер сотқа ерекше өндіріс тәртібінде мұраны алу мерзімін жаңарту туралы жүгіне алады.

1999 жылғы Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық кодексіне көптеген өзгерістер енгізілді. Енді белгіленген мерзім мұраны алу (қабылдау) үшін емес, одан бас тарту үшін беріледі. Нәтижесінде белгіленген өзгерістер мұрагерлік құқықтық қатынастарды реттеу мәселесінде мемлекеттің жаңа құқықтық саясатына әкелді [9].

Мұрагерліктің негізі мен акценттері өзгерді. Бірақ бұл нормалардың тәжірибесі көрсеткендей, олар өмірде қабілетсіз болып шықты, яғни кеңестік азаматтық кодекстің алты айлық мерзімі мұрагерлердің белсенді әрекеттерін белгілесе, тәуелсіз Қазақстанның жаңа басылымындағы азаматтық кодексінде белгіленген мерзім мұрагерліктен бас тартатын ғана мұрагерлер-

ге бастау болса, оларды әрине, табу да қиын. Мұрагерлердің көбі мұраны алуда ешқандай жамандық көрмейді де немесе өз әрекетсіздігімен мұрадан бас тартуға берілген заңмен белгіленген мерзімдерді өткізіп алып, заңды мұрагер болып шыға келеді.

Қазақстанның бұрынғы азаматтары, тоқсаныншы жылдары мемлекеттен кеткен және өзге мемлекеттің азаматтары болған тұлғалар 1999 жылдың 1 шілдесінен кейін 2007 жылға дейінгі аралықта ата-аналарының қайтыс болғаны естеріне түсіп, Қазақстан Республикасының соттарына мұраны бөлу туралы, өзге мұрагерлерге мұраға құқық туралы куәлікті жою туралы талап ете бастады.

Жаңа азаматтық заңнаманың негізгі мақсаттары орындалды.

2007 жылғы 3 ақпанындағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне мұрагерлік құқыққа қатысты көптеген өзгерістер енгізілді.

Мұрагерлік аясында жаңа саясатты құрудан бас тартқан мемлекет кеңестік заңнаманың уақытпен тексерілген жүйесіне жүгіндік. Әрине, бүгінгі уақыт талабы қажет ететін толықтырулар енгізілді. Мұрагерге мұраны алу үшін алты айлық мерзім берілді.

Бүгінгі таңда мұрагерлік құқығын жеке дамып келе жатқан институт ретінде қарастыруға болады.

Мұрагерлік мәселесі және мұрагерлік институты Қазақстан Республикасының заңнамасында толығынан, жан-жақты қарастырылып жасалған, яғни мұраның негізі ретінде өсиет немесе заң бойынша мұрагерлікті ала отырып, мұраның құрамы, оның ашылуы, мұрадан шеттетін жағдайлар толық көрсетілген болса да, әлі де зерттеле береді және тәжірибе жүзінде оның дамуы жаңа ғана қарқын алуда.

Әдебиеттер

- 1 Касиенова К. Мұрагерлік құқықтың даму үрдістері // Әділ сот. – 2012. – №4. – 37 б.
- 2 Комментарий к Гражданскому кодексу РК. – Алматы: «Жеті жарғы», 2000. – 376 б.
- 3 Мауленов К.С. Наследство и наследование в обычном праве, и его роль в обществе//Заң және заман. – 2001. – №11. – Б. 2
- 4 Рашидова З.Ш. Некоторые аспекты наследственного права по гражданскому законодательству Республики Казахстан. – Алматы: КазГЮА, 2001. – С. 78.
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда өткізілген Республикалық референдумда қабылданған), (1998 жылғы 7 қазандағы №284-І, 2007 жылғы 21 мамырдағы №254-ІІІ Заңдарымен енгізілген өзгертулер және толықтырулармен) // АҚЖ: «ЮРИСТ»
- 6 Рубанов А.А. Право наследования. – М.: Статут, 1997. – С.113
- 7 Шарифбаева Х. Наследственное право // Мир закона. – 2001. – № 4. – С. 8.
- 8 Рашидова З.Ш. Некоторые аспекты наследственного права по гражданскому законодательству Республики Казахстан. – Алматы: КазГЮА, 2001. – С. 78.

9 Ермухаметова С.Р., Нурбаева М.А. Қазақстан Республикасының мұрагерлік қатынастарын құқықтық реттеу // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2011. – №4(60). – Б. 31.

References

- 1 Kasianova K.. Muragerlik kukuktin damu urdisteri // Adil sot. – 2012. – №4. – 37 b.
- 2 Kommentarii k Grajdanskomu kodeksu RK. – Almaty: «Jeti jargy», 2000. – 376 b.
- 3 Mauleno K. S Nasledstvo i nasledovanie v obychnom prave i ego rol v obshestve//Zan jane zaman. – 2001. – №11. – B. 23.
- 4 Rashidova Z.SH. Neketerye aspekty nasledstvennogo prava po grajdanskomu zakonodatelsnvu Respubliki Kazahstan. – Almaty: KazGUU, 2001. – S. 78.
- 5 Kazahstan Respublikasynyn Konstitucyyasy1(1995 jylgy 30 tamyzda otkizilgen Respublikalyk referendumda kabyldangan), (1998 jylgy 7 kazandagy №284-I, 2007 jylgy 21 mamyrdagy №254-III Zandarymen engizilgen ozgertuler ;ane tolyktyrularmen) // AKJ: «Yurist»
- 6 Rubanov A.A. Pravo nasledovanye. – M.: Status,1997. – S. 113.
- 7 Sharifbaeva H. Nasledstvennoe pravo // Mur zakona. – 2001. – № 4. – S. 8.
- 8 Rashidova Z.SH. Nekotprye aspekty nasledstvennogo prava grajdanskomu zakonodatelsnvu Respubliki Kazahstan. – Almaty: KazGUU, 2001. – S. 78.
- 9 Irmuhametova S. R, Nurbaeva M.A . Kazahstan Respublikasynyn muragerlik katunastarynyn kukuktyk retteu // UY habarshysy. Zan seriyasy.- 2011. – №4(60). – S. 31